

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы

«Домбыра» кафедрасының докторанты

Жаменкеев Ержан Ерболатұлының

6D040400 – «Дәстүрлі музыкалық өнері» мамандығы бойынша

(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған

«Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» атты

диссертациясына ғылыми кеңесші

## ШКІРІ

### I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Егеменді ел жағыдайында ғалымдардың тың дүниелерге қызығушылығы артып, ақтандақ тарих беттері ашылды. Ұлт мәдениетін айрықшалайтын нышандар ашыла төрімізден орын алып, халықтың рухын асқақтатты. Ілкі әлем жәдігерлері сахна тындармандарымен, кітап оқырмандарымен сыр бөлісіп, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты жалғады.

Тәуілсіз қазақ мемлекетінің бәсекеге қабілетті дамыған елу елдің қатарына ұмтылысы жаңа биіктерге жетеледі. Бұл замана ағымына сай қоғам өміріне, экономикаға, дамыған технологияларды енгізу мен игеруден басқа маңызды сала – халқымыздың мәдени мұрасына, өнері мен мәдениетіне баса назар аударуды қажет етті. Еліміздің қаржылық-экономикалық секторының өсуі халқымыздың материалдық хал-ахуалының еңсе көтеруімен бірге рухани эстетикалық дамуына да өзінің игі әсерін тигізіп келеді.

Қазақ өнері де қоғам өмірінде болып жатқан осындай елеулі тарихи-мәдени оқиғалардан алшақ кеткен емес. Күй, оның орындаушылары қоғамдық ортада болып жатқан көркем мәдени құбылыстардың әрқашан бел ортасында жүргендіктен, күйшілік өнердің қыр-сырын мемлекеттің тарихындағы маңызды үдерістен бөліп қарай алмайды. Қазақтың дәстүрлі саз өнерін отандық және әлемдік қауымдастық назарына бар бітім-болмысымен таныстыру бүгінгі өнертану мамандарының маңызды міндеті. Осы тұрғыдан алғанда егемен еліміздің жаңа көзқарасты ұстанған рухани болмысын жандандырып, қайта қалпына келтіру ісі ерекше мәнге ие, ұлттың діңгегі болар ұлт руханиятының құндылықтарын жаңа заман тұрғысынан, соңғы кездері табылып жатқан дерек көздерімен толықтыру жастарды мәдениет және тарих тағлымымен тәрбиелеуге ықпал етеді. Өнерде даралық лебі бар домбыра дәстүріндегі күйлерді тұтас көркем құбылыс ретінде айқындап бағалау жұмыстың құндылығын арттырады.

Е.Е.Жаменкеевтің зерттеу жұмысының нәтижелері өнертану ғылымы және күйтану тарихы үшін маңызды. Диссертация жұмысында қол жеткізілген теориялық тұжырымдар келешекте осы бағытта зерттеулер жүргізуге жол ашады, күйтану саласын тың деректермен толықтыра түсетін еңбектің теориялық тұжырымдары алынған зерттеу бағытының болашақ бағдарын айқындауға мүмкіндік туғызады. Зерттеудің негізгі түйіндері мен қорытындылары қазақ

музыкасының тарихы, теориясы мен тәжірибесі жөнінде жоғары оқу орындарында оқытылатын жалпы пәндер мен арнаулы курстарда да қосымша материал бола алады. Осы жағынан алып қарасақ, Ержан Жаменкеевтің қорғауға ұсынып отырған докторлық диссертациясы күйтану ғылымында жаңа ой-пікірлердің қалыптасуына ықпал етіп, көкейкесті мәселелерін шешуді мақсат еткен, зерттеу нәтижелері музыкатану ғылымы үшін, әрі оның әр салалары үшін аса маңызды.

## **II. Алынған нәтижелердің негізділігі мен шынайылық дәрежесі.**

Еңбекте жасалған тұжырымдардың айқындылығы, нақтылығы, зерттеудің ғылыми айналымға жаңа тұжырым енгізуі диссертацияның сапасын арттырады. Ержан Жаменкеевтің қол жеткізген нәтижелері шынайылығымен танылады:

- Әзілді күйлердің мифтік сана қойнауына тамыр тартып, сан салалы саз мәдениетінің әзілді аңызы тартыс бәсекеге құрылған күй өнерімен бірдей дәрежеде өзара сабақтастықта ерекше мәнге ие болып, қайталанбас музыкалық көркем семантикалық даралығы жан-жақты дәлелденді;

- Аңызымен қоса айтылған әзіл күйлердің өнерпаз жастарға өнегелі тағылым әрі күйдің көркем тілдік жүйесіндегі ізденістерге алтын дінгек болатыны айқындалды;

- Әзіл күйлердің жеке жанрлық топ ретінде көркем қолтаңбасы талданып, әр аймақтағы осы өнердің сазгерлік қазынасына әрі орындаушылық дәстүр үрдісі сараланды.

Диссертацияның бұл үш аспектісі зерттеу жұмысының басты жаңалығы және осы мәселеге байланысты жазылған тұжырымдар Ержан Жаменкеевтің ғылымға қосқан **зор үлесі** бар деп бағалаймын.

Тұңғыш рет әзіл күйлердің жалпы музыкалық композициясы, қағыс, иірім ерекшеліктері сарапталды. Автор көптеген **әзіл күйлердің орындаушылық әдістеріне тән айрықша қырларын** анықтап көрсетті.

Докторлық жұмыс домбыра дәстүрліндегі әзіл күйлерді тұтас көркем шығармашылық құбылыс ретінде жан-жақты қамтып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылған алғашқы еңбек. Зерттеудегі қол жеткізген талдаулар мен тұжырымдар, түйіндер мен қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Диссертацияның кіріспе, қорытынды, жекелеген үш бөлімінде еңбектің құрылымдық-мазмұндық тұтастығы мен ішкі сабақтастығы анық байқалады. Жұмыстың ғылыми жүйесі тақырыптың өзектілігін анықтауға бағытталған. Зерттеу өзегіне айналған нәтижелер өзара байланыста сабақтаса келе, негізгі ғылыми тұжырымдарды айқындауға қызмет еткен.

## **III. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы.**

Диссертацияда қол жеткізген теориялық нәтижелер мен тұжырымдары әзіл күйлерді танып-білуге дерек көзі бола алады. Күйтану мамандығымен айналысатын, қазақ музыкасының тарихын зерттейтін ғалымдарға бағыт көрсететін көмекші құрал ретінде де берері мол. Еңбекте анықталған өзекті мәселелер мен тұжырымдарды, талдау әдістерін қазақ музыкасының тарихы пәнінде, қазақ музыка өнерін зерттеу ізденістерінде қолдануға және жоғары оқу

орындарында, арнайы қазақ музыкасының мамандарын даярлайтын колледждерде, басқа да білім ордаларында пайдалануға болады.

#### **IV. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертация мазмұнында аздаған әріптік қателіктер кездескенімен олар жұмыстың құндылығын төмендетпейді.

#### **V. Диссертацияның ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.**

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі мен оның ғылыми тұрғыдан игерілуі, сарапталуы мен зерттеудің әдістемелік негіздері және мақсаты мен міндеттерінің орындалу деңгейі қазіргі (PhD) докторы талаптарына толық сәйкес келеді.

#### **VI. Диссертацияның көпшілік қорғауға ұсынылуы.**

Ержан Ерболатұлы Жаменкеевтің 6D040400 – «Дәстүрлі музыкалық өнері» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазған «Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» деп аталатын докторлық диссертациясын (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық еңбек болғандықтан, көпшілік қорғауға ұсынылуы шарт.

**Өнертану кандидаты,  
Құрманғазы атындағы Қазақ  
Ұлттық консерваториясының  
Музыкатану, арт-менеджмент және  
әлеуметтік - гуманитарлық пәндер факультеті  
“Музыкатану мен композиция”  
кафедрасының доценті**



**Ә. Сабырова**